

## КӨРУ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ, ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІ ТӨМЕН БАЛАЛАР ҮШІН САУСАҚ ТЕАТР ЕРТЕГІСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Баймагамбетова Б.К., Алшынбекова Г.К.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

«Бала тәрбиесі – бұл ата-аналардың ерекше азаматтық борышы» - деп Н.Ә. Назарбаев айтқандай, бала тәрбиесі қашанда маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Заманауи технологиялық-педогогикалық әлемде дамыған көп білетін баланы қалыптастыруға бағытталған көптеген білім беру бағдарламалары мен әдістемелері бар. Бірақ, осы бағдарламалардың барлығы бірдей нашар көретін, ойлау қабілеті төмен балалардың ішкі эмоционалдық әлеміне, оның сезімдері мен аландаушылығын, құпия тілектерін ескермейді [1,5].

Көбі мүмкіндігі шектеулі, ойлау қабілеті төмен, бастауыш сыныптың балалары өзіне таныс ортада, сыныпта, жатын бөлмеде, асханада, бағыт қозғалыстары қиындық туғызады. Оқулықтарда керек беттерді табу оқығанда бір сөйлемді жіберіп алса, қайта табу қиындықтар туғызады. Дидактикалық материалдарды, суреттерді қарастырғанды көздеріне жақын ұстайды, ұзақ және көп қарайды. Кейде суреттерді танымайды. Ұқсас бейнелерді шатыстырады: итті, қасқырды, түлкіні, аққуды, қазды, үйректерді. Балаға мазайка құрастыру, таяқшаларды, кубиктерді құрастыру сияқты, оңай тапсырмалардың өзі қиындық туғызады. Олар өте баяу оқиды, буындарды толық оқымайды. Сөйлемдерді тастап кетеді. Мұндай бұзылыстары бар балалар, қуану, мұңаю, қоршаған ортаға қызулығын танытпайды, сонымен қатар ұялу, ренжу эмоциялары жоқ. Балалардың қылықтарына теріс баға бергенді қабылдамайды, олар басқа балалармен достасуды білмейді және үлкендермен арақашықтықты сақтамайды. Көру мүмкіндігінің төмендеуі, таным қабілетінің қалыптаспауына әсер етеді. Мұндай балаларда қалыпты балалармен салыстырғанда, қоршаған орта, заттың көлемі, салмағы жайында түсініктер кеш қалыптасады. Баланың қоршаған ортаны тануға, көру потологиясымен қоса ойлау қабілетінің төмендеуі кедергі жасайды. Таным қабілетінің аздығы ойлау мүмкіндігіне әсер етеді, ал ол өз алдына қалған анализаторларды пайдаланып қоршаған ортаны тануға кедергі жасайды. Көзі нашар көретін, ойлау қабілеті төмен балаларды ақыл-ой жағынан, эмоционалды, жігерлік және физикалық тұрғыдан да жетіліп толық қанды дамуына жан-жақты көмек көрсету керек [2,4].

Мұндай балаларға тәрбие берудегі тиімді құралдардың бірі – ертегі. А.С.Макаренко балаларға ертегілерді қолдану әдістемелері туралы былай деген: «Кішкентай балаларға ертегілерді айтуда көптеген ертегілерді қысқартуға, тілін өзгертуге, ертегіні толық түсінушілікке әкелуге болады және солай ету керек». Атақты педогог В.А.Сухомлинский ертегілердің үлкен эмоционалды әсері бар екендігін айтқан. Ертегілермен терапия жүргізу – адамзат дамуындағы тәрбиелік психологиялық әдістемелердің ең бір көне әдістерінің бірі және қазіргі заманғы ғылым тәжірибесіндегі жаңа жас әдістердің бірі болып табылады [3,6].

Ертегі терапиясы – тәрбие арқылы баланың көзқарасын бағдарлау және ішкі әлемінен хабардар болу тәсілдері. Ертегі терапиясының дамуына, эмоциясын реттеуде маңызды екендігін З.Фрейд, Е.Эриксон, Э. Хромм, А.Маслоу, Э. Гидденс, М. Вебер, т.б. қазақстандық ғалымдар М.Жақыпов, Ә.Алдамаратов, Х.Т.Шерниязданова, А.Құдиярова, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған. Ертегі терапиясы – психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкерлердің қиындықтарына аландауы оның келешекте өз алдына пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын қиындатады. Практикалық психологияның ертегілік терапия бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты болашақта алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады. Ертегі терапиясының бір ұтымдылығы – бала тілімен жеткізілуінде, баланың ой-ауқымына тән оқиғалар дәрежесінде ситуация құрылуында. Бала ертегі тыңдау арқылы өзін-өзі емдеп, түрлі шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік алады. Барлық ертегілерде басты кейіпкердің еркін өмірге қол жеткізуі, Отанының тәуелсіз дамуы басты мұрат ретінде бағаланса, ертегі арқылы балақайлар өзіндік кеңістік пен еркіндік ұғымын түйсінеді. Ертегі терапиясының жетекші идеялары болып:

- өмірдегі мүмкіндіктері мен өмірінің құндылығын, өзіндік потенциалдарын сезіну;
- оқиға мен амалдардың себеп-салдарын түсіну;
- қоршаған ортаны танып білу;
- қоршаған ортамен өзара әрекет ету;

Е.В. Чехтың пікірі бойынша ертегі терапиясының бірнеше түрін белгілеуге болады: ертегіні айту, ертегіні сурет арқылы салу, ертегі терапиялық диагностика, ертегі қарау, ертегі қою және т.б.

Біз саусақ ертегісін алдық. Көру мүмкіндігі шектеулі, ойлау қабілеті төмен балалар үшін ертегінің бұл түрі ең тиімді. Бірнеше кемістігі бар балалар бір орында отырып бір өзі топпен жұмыс

істей алады. Саусақ театр ертегісін мектеп-интернатта және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимыл түсіндіріледі. Мысалы: «Саусақтар сәлемдеседі» ойының алайық, мұнда бас бармақтың ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйседі. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тараған, «Қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге болады.

Саусақ театр ертегісінде саусқтың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-такпақ шумағын сахыналау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойының ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қиымылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөз айтуға тырысады. Өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар, балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен, т.б. түсініктерді бағдарлай алады үйренеді. Бұл көзі нашар көретін балалар үшін ортаны бағдарлауға қажет. Балалар саусақ тетар ертегісімен айналыса отырып, дыбыстар, музыка, бояулар, бейнелер, поэзиялық тіл, эмпатикалық көріністер арқылы қоршаған ортамен танысады, ойлауға, талдауға, тұжырым жасауға машықтанады. Тілді жетілдіру ақыл-ойдың дамуымен тығыз байланысты.

Бастауыш сыныптағы көзі нашар көретін, ойлау қабілеті төмен балалардың ой-өрісін дамытуда саусақ театр ертегісін қолдану:

Өзектілігі: - мектеп жасындағы бастауыш сыныптағы, бір немесе бірнеше кемістігі бар балалардың ойлау қабілеттілігін арттыру.

Мақсаты: -сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу;

Балалардың сөз қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;

Театрлық іс әрекетті ертегілерді пайдалана отырып ойын дамыту.

Міндеттері:

Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениетімен, ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру;

Балаларды адамгершілікке баулу, ойын нақты айтуға, тапқыр сөйлеуге, ақылды-салмақты ой айтуға баулу;

Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі айтуға дағдыландыру;

Балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара кемістіктерін ескере отырып, өзін қоршаған орта құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

«Жан тұрмысы өркендеуі үшін, яғни, ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе» – деп М.Жұмабаев айтқандай, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ертегіні оқу құралы ретінде қолдануға болады.

Қорыта келгенде, саусақ театры ертегісі, көзі нашар көретін, ойлау қабілеті төмен балалардың ой-өрісін кеңейтеді. Балаларды әңгімелесуге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, тілдің лексикалық, грамматикалық нормалары жоғарылайды.

#### Әдебиеттер:

1. Разуван Е.И. Сказкотерапия и игротерапия. – М.:Просвящение, 2004. – 225б.
2. Төлепберді. Ертегі-халық ауыз әдебиетінің жеке дара үлгісі. – Орман:Қарағанды. – 2009. – 198б.
3. Лебедько П.С. Мир психологии и сказок. – М.:Просвящение, 2000. – 168 б.
4. Зинкевич-Евстигнеева Т. Что такое сказкотерапия? – М.:Просвящение,2007.– 150 б.
5. Романова Е.С. Сказкотерапия. – М.:Просвящение, 2003. – 210 б.
6. Эльконин Д. Б. Психология обучения младшего школьника. – М.: Просвещение, 1984. – 198 б.